

Тайынша Маңы

Тайынша аудандық қоғамдық-саяси газеті
2006 жылдың 3 ақпанынан шыға бастады

№ 23 (934) 26 мамыр 2023 жыл

facebook.com/tainsha.tany



http://tainshatany.kz



tainsha_tan@list.ru

ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!

Біз бүгінде өркениетті еліміздің дамуына тұсау, кемелденуіне кедергі келтіретін қоғамдық дертке айналған сыбайлас жемқорлықпен күресудеміз. «Жемқорлыққа жол жоқ» деп ұрандатып, мінберлерден ауызымызды толтырып айқанымызбен, осының түп-тамырына қалай балта шабуға болады деген сауалға жауап іздеп жүргеніміз шамалы.

Жемқорлық дертіне қалай душар болдық?! Онымен күресті қайдан, қалай бастағанымыз дұрыс?! Қазіргі көпшіліктің басты арманы – бай болу. Баю үшін ар, намысынан бас кешетіндер де біздің қоғамымызда жетерлік. Адамға ақша қызмет етпей, адам ақшаға қызмет ететін түсінік қалыптасқалы бері оның санасы ұланды, дүниенің құлына айналды. Жемқорлықтың да бастауы осыдан. Осы қағиданы бұзбай қоғамдағы жемқорлықты жоя алмаймыз. Жемқорлықтың пайда болуы қоғамдағы рухани байлықтың құнсызданып, материалдық құндылықтың алдыңғы сатыға шығуының салдары. Сондықтан, біз қоғамымызда жемқорлыққа қарсы күресті – азаматтарымыздың жүрегіне рухани ізгіліктерді, құндылықтарды сіңіруден бастауымыз қажет. Рухани тұрғыдан бай адам, жемқорлықтай лас істерден жанын таза ұстайды.

Рухани азғындау баласының әкесін, шешесін өлтіруге, баладан бас тартуға т.б. жантүршігерлік істерге әкеліп соқтырып жатыр емес пе?! Сол себепті де, азаматтарымыздың жан-дүниесіне мөлдірлік сыйлар рухани байлығымызды кең тұрғыда насихаттаумен айналыссақ, жетер жетістігіміз толымды болмақ. Рухани байлық пен материалды байлықты тең дәрежеде ұстай алғанымызда ғана қоғамымыздың дамуы орнықты болары сөзсіз. Жеке тұлғаның адамгершілік санасының биіктігі оның алған тәлім-тәрбиесі, мінез-құлқы мен іс әрекетін анықтайтын өлшем болып табылады. Әрбір тұлғаның өзіне тән барлық адами қасиеттері рухтан нәр алады. Ал жаман, жағымсыз қасиеттер нәпсінің көрінісі. Міне, осы себепті де біз жемқорлықпен күресті рухани сананы тазартудан бастасақ, әрбір адам нәпсінің тұтқындығынан босап, елі мен жеріне адал қызмет етер азаматқа айналар еді.

Осы уақытқа дейін жемқорлықпен күресу үшін түрлі әдістерді қолданып келдік. Соның ішінде, жемқорлық фактілерімен ұсталған азаматтарды жұмыстан қысқартып, ол лауазымға қайта орала алмайтын тәсілдерді қолдандық, айыпқа тарттық, соттадық, қатаң түрде жазалап, түрмеге айдадық. Алайда, айтарлықтай нәтижеге қол жеткізбедік. Себебі, біреуін жазалағанмен, оның орнына келген екінші біреу дәл сол қателікті назарда ұстап, жаңадан айла ойластырды. Тың амал табады. Адамнан қулық артылған ба?! Бар ойға алғаны өзінің материалдық деңгейін көтеру болғандықтан, ол да жемқорлыққа жол береді.

Сыбайлас жемқорлық індет, оған қарсы күрес міндет деп айтып жүрміз. Ендеше, оның шипасы – халық арасында ағарту, насихат жұмыстарын тереңінен жүргізу. Байлықты басты құндылық деп адасып жүрген азаматтарымыздың түсінігіне төңкеріс жасау. Яғни, оның сана-сезімін, сенімін, ішкі жан дүниесінің тазаруына ықпал етіп, жүрегіне иман ұялату. Біздің қоғам ақиетті, адал, намысы биік азаматтарды қажет етеді. Осы тұста, соңымыздан ерген ұрпақ тәрбиесін де ұмыт қалдырмауымыз қажет. Болашақта өскелең ұрпақ жемқорлыққа жирене қарауы үшін біз қандай әрекет жасап, оларға қандай бағыт сілтей аламыз?! Бүгін, ертең демесек те, алдағы 10-15 жылдан кейін сыбайлас жемқорлықты толығымен ауыздықтап тастамасақ та, оның қазіргіден әлдеқайда әлсізденетіндігіне өз басым кәміл сенемін. Сол мақсатқа жету үшін әрбір отбасында, балабақшада тәрбиеленетін, мектепте білім алатын баланың бойына имандылық пен адамгершілікті, еліне, жеріне, ұлтына деген жанашырлық, патриоттық сезімді тереңінен сіңіруіміз шарт. Жаны таза, ары ақ, елі мен жерін көркейтер нағыз азамат қалыптасуы үшін ұлттық рухты жас ұрпақ бойына дұрыс дарыта алуымыз қажет. Сонда ғана біз оны қоғамымызға қауіп төндіріп, орасан кесел келтіретін жемқорлықтай келеңсіз әлеуметтік құбылыстан арашалай аламыз. Сол себепті, ұлтжанды азамат тәрбиесіне селқос қараудан аулақ болған жөн. Қайта, бар назарымызды ұрпақ тәрбиесіне шоғырландыра алсақ, жарқын болашаққа сенімді әрі нық қадам тастарымыз анық.

Abai.kz

«ЖАЗҒЫ ЖҮЙРІК МАУСЫМНЫҢ АШЫЛУЫ» АТТЫ СПОРТТЫҚ ЖАРЫСТАР ӨТТІ

Жылдағы дәстүрге сай Қызылжар ауданындағы «Құлагер» ипподромында ат жарысы маусымының ашылуы өтіп, мерекелік шара бәйгеге ұласты. Шара балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің ұжымы дайындаған көрсетіліммен басталып, ұлттық ойындарымыз дәріптелді. Қыз қуу, ат үстінен садақ ату шынайы әрі тартысты өтті. Көпшілікке таныс бәйге аттары да алаңға шығып, кезекті рет көрерменді сүйсітті. Олардың арасында өңір намысын республика деңгейінде қорғап жүргендері де бар екен. Аудан жұртшылығы алаңға көптеп жиналып, мәре-сәре болып жатты. Маусымның ашылуына облыс әкімінің бірінші орынбасары Марат Тасмағанбетов қатысып, жиналғандарды құттықтады.

– Өңірде ұлттық спорт қанат жайып, дамып келеді. Бүгінде облыста қазақша күреспен шұғылданатын 800 жеткіншек бар. Белбеу күресі, аударыспақ, теңге ілу сияқты спорт түрлерін де жаңғыртып жүргендер аз емес. Кәсіби мамандар үшін «Арғымақ», «Тұлпар» сияқты клубтарда дайындалуға жағдай жасалған. Бұл біздің шабандоздарға ірі додаларға қатысып, тәжірибе жинауға мүмкіндік беруде. Облысымыз ел спортының дамуына өз үлесін қосып отыр, – деді Марат Иманбайұлы. Бүгінгі бәйгеге облыстың 13 ауданы қатысып отыр. Шабандоздар жарысқа 65 ат қосты. Аттар маусымға толық дайындықпен келгені, әрине, сөзсіз. Бұл – ат иелерінің, жаттықтырушылардың, шабандоздардың еңбегінің арқасы. Өткен жылы қыстан кейін жаңа маусымға бейімделу қиын болса, биыл бәрі ойдағыдай өтуде. Жүйріктердің шабысына облыс тұрғындары күзге дейін әлі талай куә болады деп ойлаймын, – дейді бас төреші Ольга Патошкина. Бұл күні алаң



иесі саналатын Қызылжар ауданының қоржыны да жүлдемен толықты. Әсіресе желісті аттардың жарысында қызылжарлық сәйгүліктер қарсыластарына шаң қаптырды. Жұлделі болғандардың көбі – «Зенченко және К» командиттік серіктестігінің өкілдері баптап отырған аттар. Ат жарысынан бөлек, маусымның ашылуына орай аудан өнерпаздары сахнаға шығып ән салды. Ал алаң сыртында азық-түлік жәрмеңкесі өткізіліп, арзан бағамен жұмыртқа, ұн, сүт өнімдері саудаланды. Ат әбзелдерінің сатылымы да назарсыз қалмады. Мағжан ақынның өмірі мен шығармашылығына арналған танымдық көрме де көптің қызығушылығын тудырды.

2023 жылдың 20 мамырында Қызылжар ауданының «Құлагер» ипподромында «Жазғы жүйрік маусымның ашылуы» атты спорттық жарыстар өтті. Жарысқа «Агро-Нан» ЖШС Блок пост және Вымпел есімді 2 жылқысы (директоры А.Г. Боков), Амандық ауылдық округінің Аймақ ауылынан Қарлығаш және Бәмен атты Роман Подгородецкийдің 2 жылқысы; Дон Сифт есімді Дмитрий Волковтың 1 жылқысы қатысты. Жарыс қорытындысы бойынша «Ұшқыр бәйге» шабысында «Дон Сифт» атты жылқыны тізгіндеген (1800 метр) шабандоз Волков Дмитрий 1 орынды иеленді. 3 жастағы желісті жылқылар шабысында (1600 метр) 2 орынға «Вымпел» атты жылқымен шабандоз Нұрметов Аваз шықты.



«ЕҢБЕК ЖОЛЫ» - 2023 КОНКУРСЫ

2023 жылғы 1 мамыр мен 01 шілде аралығында «Еңбек Жолы» байқауына қатысуға ниеттенген үміткерлерден өтінімдер қабылдана бастайды.

Конкурс «Үздік еңбек әулеті», «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері», «Өндірістің үздік жас қызметкері» номинацияларынан тұрады.

Аталған конкурс жастарды еңбекке құрметпен қарау, еңбек дәстүрлерін сақтау және көбейту рухында тәрбиелеу мақсатында үздік еңбек әулеттері мен өндіріс қызметкерлерін анықтайды. Конкурс қоғамдағы еңбек адамының мәртебесін арттыруға және «Жалпыға ортақ еңбек қоғамы» ұраны аясында еңбек өнімділігін ынталандыруға ықпал етеді.

Конкурс 2 кезеңде өтеді: «Еңбек жолы» конкурсы жеңімпаздарын облыстық және республикалық деңгейде іріктеу.

Республикалық комиссия жеңімпаздарды конкурстың әр номинациясы бойынша (бірінші, екінші, үшінші орындар) анықтайды.

Конкурсқа кәсіпорындардың (саласына қарамастан) барлық қызметкерлері қатыса алады.

- «Үздік еңбек әулеті» - ең ұзақ еңбек өтілі, ең көп марапаттары бар ең үлкен әулет таңдалады.

- «Өндірістің үздік жас қызметкері» - өндірістің еңбек өтілі 5 жылдан аспайтын ең белсенді және еңбекқор қызметкері таңдалады.

- «Жұмысшы жастардың үздік тәлімгері» - кемінде 20 жыл жұмыс өтілі бар ең белсенді және тиімді тәлімгер таңдалады. «Еңбек Жолы» конкурсын өткізу жөніндегі әдістемелік ұсыныстарға сәйкес «Еңбек Жолы» облыстық конкурсына қатысу үшін үміткерлерден алынған ресімделген материалдарды «СҚО әкімдігінің мемлекеттік еңбек инспекциясы басқармасы» КММ-не (Петропавл қ. Абай к., 64) 2023 жылғы 01 шілде күні дейінгі мерзімде қолма-қол ұсыну қажет.

Еңбек әулеттерінің өкілдерін, сондай-ақ ынталы жас қызметкерлерді сондай-ақ олардың тәлімгерлерін Конкурсқа белсенді түрде қатысуға шақырамыз.

172 МЫҢ ТҮЛЕК МЕКТЕП БІТІРЕДІ

Қазақстанда 172 мың түлек мектеп бітіреді, оның ішінде 6,8 мың оқушы - «алтын белгіге» үміткер. Бұл туралы ҚР Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев Үкімет отырысы барысында айтты. «Биыл Қазақстан мектептерінде 3,7 млн астам оқушы оқу жылын аяқтайды. 11-сыныпты – 172 мың түлек бітіреді, оның ішінде 6,8 мың түлек «Алтын белгіге» үміткер», деді министр Үкімет отырысында. Оқу жылының аяқталуы бойынша салтанатты шараны 1 маусымда – Балаларды қорғау күнін мерекелеу аясында өткізу жоспарланған. Аттестаттарды салтанатты табыстау рәсімі 20-22 маусым аралығында өтеді. Сондай-ақ қорытынды емтихандар 9-сыныптарда 2-13 маусым аралығында, ал 11-сынып түлектері үшін 5-19 маусым аралығында өтеді.

Egemen.kz.



Облыстық «Социалдық Қазақстан» газетіне 2023 жылғын өкілдерінің маусым аралығында ашылуы жүріп жатыр

БАЛА САНЫНЫҢ АЗДЫҒЫ — БАСТЫ МӘСЕЛЕ

Ауыл — халқымыздың ұлттық құндылықтарының мәйегі, тіліміз бен салт-дәстүрлеріміздің қайнар көзі десек, мектеп — білім мен тәрбиенің, мәдениеттің алтын діңгегі. Өкінішке қарай, жыл өткен сайын елді мекен тұрғындарының саны азайып барады. Оның басты себептерінің ішінде демографиялық ахуал қатты алаңдатса, шешімін таппаған басқа түйінді мәселелер де аз емес. Әсіресе оқушылар санының күрт кемуі ойландырмай қоймайды. Мәселен, облыста 465 мектеп болса, олардың 352-і шағын жинақты. 170 елді мекенде білім ошағы жоқ, 127-сінде материалдық-техникалық база талапқа сай емес. Өңірге жұмыс сапарымен келген Парламент Мәжілісінің депутаттары аудандарды аралап, шағын жинақты мектептердегі білім сапасы педагогтарды тұрақтандыру, білім беру үдерістерін жетілдіру бағытындағы тәжірибелермен танысты.

Мәжілістің әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы Асхат Аймағамбетов бастаған топ Қызылжар ауданы Петерфельд елді мекенінде орналасқан Қызылжар-Абай мектебінде болып, жаңашылдықтарды жоғары бағалады. 2020 жылы мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында сенімді басқаруға беріліп, инвесторлар қысқа мерзім ішінде толық қалпына келтірді. Осылайша 1969 жылы пайдалануға беріліп, осы уақыт ішінде ғимараты тозған мектеп бүгінде заманауи нысанға айналды. Сапалы ғаламтор желісімен, компьютерлермен, үздік зертханалық кабинеттермен, ең соңғы үлгідегі жабдықтармен, сандық технологиялармен толық қамтамасыз етілген. Мектептің бір ерекшелігі, оқыту мен тәрбие жүйесіндегі барлық әдіс-тәсілдер хакім Абайдың педагогикалық идеялары мен принциптері негізінде жүргізіледі. Бұдан бөлек, ұлттық педагогикаға басымдық беріліп, оқушылар дербес әрі креативті ойлауды үйренеді. Қазір мұнда 300-ге жуық бала білім алады. Қазақ сыныптары ашылған. Бір “әттеген-айы”, бала саны аз. Қазір жарқыраған мектепте 60 оқушы ғана мемлекеттік тілде оқып жүр. Білім ошағының жаңашыл ізденістерімен жан-жақты танысып, тұрғындармен кездескен Парламент Мәжілісінің депутаттары Асхат Аймағамбетов, Айна Мысырәлімова мен Ринат Зайытов сапар мақсатын түсіндірді. — Білім саласындағы талаптардың бірі — қала мен ауыл мектептері арасындағы орта білімнің сапасын теңестіру. Бұл міндетті қалтқысыз орындау үшін нақты механизмдерді анықтап, талдап, нақты моделін ұсына отырып, шағын жинақты мектептердегі білім сапасын көтеру болып табылады. Жасыратыны жоқ, қалаларға қарағанда ауылдық мектептердің толымдылығы әлдеқайда төмен. Сондықтан ұстаздар қауымына барынша әдістемелік, ұйымдастырушылық, ақпараттық қолдау көрсетіп, жаңа шешімдер қабылдау қажет. Жан-жақты мониторинг жасалып, ауылдық білім ошақтарының тұрақты дамуының бірыңғай тұжырымдамасы түзіледі. Ауыл педагогтарының тапшылығын виртуалды мамандар есебінен толықтыру, бәсекелестік орта қалыптастыру, кадрлық ресурс тапшылығын шешу біртіндеп жүзеге асырылады. Қызылжар-Абай мектебі сияқты сараптаманың барлық түрінен өтіп, еліміз бойынша қолдануға ұсынылған бірегей жобаларды көбейту арқылы жаңа кейіптегі оқу ордаларын құратын боламыз, — деді Асхат Қанатұлы. Меймандар Архангельск мектебінде де болып, педагогикалық ұжыммен кездесті. Онда материалдық-техникалық базаны нығайту, интернет жылдамдығын арттыру мәселелері қозғалды. Құрамында Парламент Мәжілісінің депутаттары Жұлдыз Сүлейменова, Нұрлан Әуесбаев, Ардақ Назаров, Нартай Сәрсенғалиев, Гауһар Танашева, Нұргүл Тау, Таңсауле Серіков, Ерлан Саиров бар топтар Аққайың, Мамлют аудандарына барды. Халық қалаушыларының жұмыс сапары облыстық әкімдіктің үлкен залында жалғасты. Облыс әкімінің орынбасары Сәтжан Абдалиевтің қатысуымен “Шағын жинақты мектептер: білім беру сапасы, педагог кадрлардың тапшылығын шешу, білім беру ортасын қалыптастыру” тақырыбындағы көшпелі отырыс өтті. Бірінші болып сөз алған Оқу-ағарту министрінің бірінші орынбасары Шолпан Каринаова алдымен әлемдік тәжірибеде қалыптасқан оң үдерістерді тарқата айтты. АҚШ, Австралия, Канада, Польшада шағын жинақты мектеп мұғалімінің жалақысы қала мектептері мұғалімдерінің жалақысынан 2 есе жоғары. Қашықтан оқыту технологиясы кеңінен қолданылады. АҚШ пен Финляндияда тасымалдау жолға қойылған. Австралия мен Швецияда мектептердің кластерлік механизмі қарастырылған. Норвегияда ондай білім ошақтарының жартысы біріктірілген сыныптардан тұрады. Қазақстанда оқушылар санының аздығына байланысты ауылдық мектептерде өздігінен даму, біріктірілген сыныптарда оқыту, озық технологияларды пайдалану мүмкіндіктері аз. Инфрақұрылым мен материалдық-техникалық база жетіспейді. Тиісті жүктеменің болмауына байланысты педагогтардың сапалық құрамы төмен. Бұған интернет жылдамдығының төмендігін, қашықтан оқытудың қиыншылықтары мен оқу ресурстарының жеткіліксіздігін, оқушыларға қосымша білім берудің шектеулігін қоссақ, проблема жетіп артылады, — деген Шолпан Таңатқызы шағын жинақты мектептер мәселесін шешуде министрлік тарапынан атқарылып жатқан жұмыстарға кеңінен тоқталды.

“Білім туралы” заңда тірек мектептер деген ұғым бар. Тірек мектеп — жақын орналасқан шағын жинақталған мектеп оқушыларының сапалы білім алуын қамтамасыз ету мақсатында қысқамерзімді сессиялық сабақтарды, аралық, қорытынды аттестаттауды өткізу үшін жұмыс істейтін ұйымдар. Қазіргі күні елімізде 190 тірек мектебі құрылған. Оның 31-нің жанында интернат бар, 93 мектепке оқушылар тасымалданып оқытылады. Алайда бұл



ресурстық орталықтардың тиімді жұмыс істеуіне бірқатар кедергілер бар. Сондықтан қысқа мерзімді сессиялық сабақтарды өткізу кезіндегі тірек мектебі мұғалімінің еңбекақысы оқушылардың сынып комплектілерін жинақтауы, оқу материалдарын бекітуіне байланысты. Салалық министрлік тарапынан шағын жинақталған мектептерге қатысты бірқатар жеңілдіктер қарастырылған. Біріншіден, мектеп директоры үшін үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі педагогикалық білім немесе педагогикалық қайта даярлауды, педагогикалық жұмыс өтілі кемінде үш жыл, оның ішінде білім беру ұйымдарында педагогикалық жұмыс өтілінің соңғы екі жылын растайтын құжат көзделген. Сонымен қатар басқа мектептерде басшының орынбасары лауазымындағы тұлғаға өтілі бойынша қойылатын талаптар шағын жинақталған мектептер басшысына қойылмайды. Екіншіден, мұғалімдер конкурстық рәсімсіз жұмысқа қабылданады. Үшіншіден, тәлімгер оқытатын пән бойынша білім сапасы соңғы үш жылда кемінде 50-60 пайыз, ал басқа білім беру ұйымдарының тәлімгерлері үшін 60-70 пайыз болуы қажет. Бүгінде шағын жинақты мектептердегі педагогтардың саны — 50765, жоғары білімдісі — 41 816, жоғары оқу орнынан кейінгісі — 954, техникалық және кәсіптік білімі бары — 7994. Білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті және аумақтық департаменттер білім беру ұйымдарына 5 жылда бір рет мемлекеттік аттестаттауды іске асырады. 2021-2023 жылдары 462 шағын жинақты мектеп мемлекеттік аттестаттаудан өтіп, білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісінің жетімсіздігі, нақты деректердің ҰБД-ға сәйкес келмеуі, санитарлық-эпидемиологиялық нормаларға және өрт қауіпсіздігі талаптарына сай оқу үй-жайларымен қамтамасыз етілмеуі, пәндік кабинеттермен, зертханалармен, спорт залдарымен, интернет желісіне қосылған компьютерлермен аз жабдықталуы, оқу және көркем әдебиеттің кітапхана қорының жеткіліксіздігі сияқты кемшіліктер анықталды. Математика бойынша алшақтық — 9, жаратылыстану ғылымдары бойынша — 12, оқу бойынша 19 балды құрады. 1802 шағын жинақталған мектеп халықаралық электр байланысы одағының талабына сәйкес келмейді. Ауылдарда сапалы білім беру жүйесін құруда цифрландыру аса маңызды. Осыған орай ортақ қаржыландыру мен басқаруға негізделген кешендер құру зерделенуде. Ақтөбе облысының әкімдігімен бірге қанатқақты жоба іске асырылуда. Кейін бұл жобаны тарату жоспарланып отыр. Оқушылар мен мұғалімдердің дәстүрлі қағаз оқулықтармен қоса цифрлық оқулықтарға да жазылуына болады. Мұғалімдерге әдістемелік менторлық сүйемелдеу іске асырылады. “Назарбаев зияткерлік мектептері” дербес білім беру ұйымының басқарма төрағасы Әнуар Жанғозин баяндамасын Президент тапсырмасына орай қала мен ауыл мектептері арасындағы білім сапасының алшақтығын қысқартуға бағытталған маңызды стратегияны жүзеге асыру қадамдарына арнады. Жүргізілген зерттеулер қорытындысында мұғалімдердің пәндік білімі мен әдістемелік қуыреттілігінің жеткіліксіздігі, оқушылардың білім деңгейін тиімсіз пайдалану, оқу үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кеңінен қолданбау, материалдық-техникалық базаның әлсіздігі сықылды олқылықтар тіркелген. “Ауыл мектептерімен әдістемелік жұмыс” тұжырымдамасына биыл — 63, келесі жылы 111 мектеп тартылмақ. 14 жастағы 1200-ге жуық оқушы функционалдық сауаттылықты бағалаудан өткен. Тест нәтижесі олардың математикадан сауаттылығы — 27, оқудан — 38, жаратылыстанудан 39 пайыз екенін көрсеткен. Мұғалімдерге үш бағыт бойынша әдістеме әзірленген, олар — сабақты бақылау, біліктілікті арттыру және қайта даярлау. Мектептерге 13 мың дана кітап сыйға тартылған. 13 оқушы 3D-биопринтинг, ақылды протездер және биоинтерфейс бойынша ғылыми жобалар ұсынған. Қазіргі таңда Назарбаев зияткерлік мектептері 191 ауыл мектебіне тәлімгерлік етеді.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті Мәдина Тыныбаева “Microsoft” компаниясымен бірлесіп, шалғайдағы елді мекен балаларына білім алуға қолжетімділікті қамтамасыз ететін жобаның қолға алынғанын айтты. 25 мектептің 107 мұғалімі компания қызметтерін пайдалану бойынша біліктіліктерін жетілдірген. Басқа да сөйлеушілер көшпелі отырыста талқыланған өзекті тақырыпқа қатысты ойлары мен ұсыныстарын ортаға салды.

Өмір ЕСҚАЛИ,
журналист, арнайы «Тайынша таңы» газеті үшін.

Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің СҚО бойынша департаментінің дипломдарымен марапатталды

Мәдениет және өнер қызметкерлері күнін мерекелеу шеңберінде мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Солтүстік Қазақстан облысы бойынша департаментінің дипломдарымен СҚО әкімдігі мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат басқармасының мемлекеттік қызметшілері Динара Беркүтәлімова мен Жанна Оспанова марапатталды. Д.Ө. Беркүтәлімова басқармада тарихи-мәдени мұра және кітапханаларды қорғау бөлімінің басшысы болып жұмыс істейді. Облыстың мәдени құндылықтарын сақтау және пайдалану, мұражай және кітапхана ісін дамыту саласындағы бірыңғай мемлекеттік саясатты іске асыруға белсенді қатысады.



Ж.Қ. Оспанова басқарманың әкімшілік-шаруашылық бөлімінің бас маманы қызметін атқарады. Ол жоғары кәсібилігімен, еңбекқорлығымен, тапсырылған іске жауапкершілікпен қарауымен ерекшеленеді. Әріптестерінің пікірінше, ол қызметтік міндеттерін орындау кезінде күтпеген жағдайлар туындаған жағдайда жедел және дербес шешім қабылдай алады.



Департамент басшысының орынбасары А.Қ. Баймұқанов басқарма қызметкерлеріне қызмет атқаруға жауапкершілікпен қарағаны, тиімді еңбегі үшін алғысын білдіріп, оларға және мәдениет, тілдерді дамыту және мұрағат басқармасының барлық ұжымына кәсіби қызметте одан әрі табыстар тіледі.

Награждены дипломами Департамента Агентства по делам государственной службы по СКО

В рамках празднования Дня работников культуры и искусства дипломами Департамента Агентства по делам государственной службы по Северо-Казахстанской области награждены государственные служащие Управления культуры, развития языков и архивного дела акимата СКО Динара Беркүтәлімова и Жанна Оспанова.

Беркүтәлімова Д.О. работает в Управлении руководителем отдела по охране историко-культурного наследия и библиотеки. Активно участвует в реализации единой государственной политики в сфере сохранения и использования культурных ценностей области, развитии музейного и библиотечного дела. Успанова Ж.К. работает главным специалистом административно-хозяйственного отдела управления. Ее отличают высокий профессионализм, трудолюбие, ответственное отношение к порученному делу. По мнению коллег, она при исполнении служебных обязанностей умеет оперативно и самостоятельно принимать решения в случае возникновения непредвиденных обстоятельств.

Заместитель руководителя Департамента Баймұқанов А.К. поблагодарил сотрудников управления за ответственное отношение к несению службы, эффективный труд, а также пожелал им и всему коллективу Управления культуры, развития языков и архивного дела дальнейших успехов в профессиональной деятельности.

СҚО бойынша Мемлекеттік қызмет істері
агенттігінің Департаментінің баспасөз қызметі

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӨНЕР ӨКІЛДЕРІНІҢ КӘСІБИ МЕРЕКЕСІ ЕРЕКШЕ АТАЛЫП ӨТТІ

Жыл сайын 21 мамырда Қазақстанда мәдениет және өнер өкілдері өздерінің кәсіби мерекелерін атап өтеді. Жалпы 2013 жылдан бастап, Қазақстан мәдениеті мен өнерінің өкілдері өздерінің кәсіби мерекелерін осы күні тойлайды. Бұл мереке мәдениет саласында жұмыс істейтіндердің барлығына: мәдени және демалыс мекемелерінің, мұражайлардың, кітапханалардың, шығармашылық топтардың қызметкерлері үшін мереке. Бұл кәсіптің адамдары қызықты және ерекше, бастамашыл және тапқыр, олар әрқашан оптимизмді таратады. Мәдениет пен өнер өкілдерінің арқасында азаматтардың рухани қажеттіліктерін, сондай-ақ демалу құқығын жүзеге асыру мүмкіндіктері кеңейе түседі: адамның мұражайға, көркем галереяға барып, филармонияға барып,



әсем әуендерді тыңдап, концертте демалуға мүмкіндігі бар. Бұл сала өкілдері көркем әдеби шығармалардың басты кейіпкерлеріне айнала береді.

Тайынша ауданының мәдениет және кітапхана жүйесі саласында жүзден астам адам жұмыс істейді. Бұл кітапхана қызметкерлерінің, мәдениет үйінің мамандарының, көркемөнерпаздар ұжымдары жетекшілерінің кәсіби мерекесі.

Биыл аудандық мәдениет үйінде мәдениет және өнер қызметкерлері күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Іс-шара барысында Тайынша ауданының әкімі Б.Әлжанов, АМАНАТ партиясы Тайынша аудандық филиалының төрағасы М.Хамзин мәдениет пен өнер өкілдеріне мерекелік жылы лебіздерін арнады. Сонымен қатар, жекелеген мәдениет және өнер қызметкерлері жоғары марапаттарға ие болды. Жоғары марапатқа ие болғандар қатарында «Қазақстанның құрметті кітапханашысы» төсбелгісімен марапатталған Ташенова Балхия Хажымұратқызы да болды. Мерекелік іс-шара барысындағы ауданның мәдениет қызметкерлерін марапаттау мерекелік концертке ұласты. Мерекелеріңіз құтты болсын, өнер майталмандары!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

МӘДЕНИЕТ – ӘР ҰЛТТЫҢ РУХАНИ БАЙЛЫҒЫ

Мәдениет саласының қызметкерлері айналасын думанға бөлейтін сан қырлы талант иесі және жан дүниесі бай, өз ісінің майталман шебері ретінде өнерге берілген азаматтар. Бұл күн әрбір мәдениет қызметкері үшін ерекше күн. Жалпы мәдениет дегеніміз - әр ұлттың дүниетанымы, рухани байлығы, тыныс-тіршілігі, салт-дәстүрі деген асыл ұғым.

Еліміздің өркендеп өсуіне, мәдениет биігіне шығармашылық тұрғыдан қызмет етіп жүрген азаматтар баршылық. Солардың қатарында Тайынша ауданы әкімдігінің мәдениет, спорт және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы – Гүлмира Бәкібайқызы Сағандықова. Отыз бес жылға жуық осы салада үздіксіз еңбек атқарып жатқан ол – өз ісінің маманы. Аудан көлеміндегі мәдени іс-шаралардың өз деңгейінде өтуі, түрлі сайыстар мен байқаулар, олардың әділ қазылармен жүлдегерлерін анықтау сияқты жауапты жұмыстарда Гүлмира Бәкібайқызы әрқашан алғы шепте. Соның бірден бір белгісі ол – «Мәдениет қайраткері» төсбелгісінің иегері. Қазақстан Республикасының Ақпарат және Мәдениет министрлігінің Құрмет грамотасымен де марапатталған. Ол облыс және аудан әкімдерінің бірнеше рет Алғыс хаттары мен Құрмет грамоталарының иегері атанды. Биылғы кәсіби мереке құрметіне де жоғары марапатқа ие болды. Гүлмира Бәкібайқызы – отбасында аяулы ана. Кәсіби мерекеніз құтты болсын!

Гүл ЖАМАШҚЫЗЫ, Тайынша таңы

Құрметті, мәдениет саласының қызметкерлері мен ардагерлері!



Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мәдениет және өнер қызметкерлері күнімен шын жүректен құт-тықтаймын! Сіздер ауданның әлеуетін арттыруда халықты өрелі өнермен сусындатып, рух-ни байлықты толықтыруға және игі дәстүрлерді жалғастыру жолында аянбай еңбек атқарып келесіздер!

Ауданымыздың өнері мен мәдениетіне сүбелі үлес қосып, осы саланың мерейін көтеріп жүрген жандарға айтар алғысымыз шексіз. Баршаңызға зор денсаулық, отбастарыңызға амандық, еңбектеріңізге шабыт, жаңа шығармашылық ізденістер тілеймін!

Қымбатты, мәдениет саласы қызметкерлері! Мәдениет және өнер қызметкерлерінің күні – музей, кітапхана, театр, филармония, мәдениет үйлері қызметкерлерінің ғана емес, сонымен қатар сала ардагерлерінің, жалпы өнер сүйер қауымның шығармашылық мерекесі. Сіздердің еңбектеріңіз қашанда халықтың көз алдында, елді ұлттық мәдениеттің қайнарына сусындатып, ондағы ең асылды көре білесіздер, адамдарға мереке және көтеріңкі көңіл-күй сыйлайсыздар.

Барлық мемлекеттік мерекелер мен ұлттық мейрамдар – Сіздер үшін дағдылы жұмыс күндері. Еңбексүйгіштіктеріңіздің және шығар-ма-шы-лықтарыңыздың арқасында өңіріміздің мәдениеті жылдан жылға көркейіп келеді. Осы салада аянбай еңбек етіп, халықтың көңілінен шығып жүрген Сіздерге деген алғысымыз зор. Ел мәдениетінің одан әрі гүлденуіне, өнеріміздің асқақтауына қызмет етіп, халқымызды шығармашылық табыстарыңызбен қуанта беріңіздер!

Мерекелеріңіз құтты болсын! Кәсіби шығармашылық табыстар мен жаңа жетістіктер тілеймін! Рухы биік халықтың руханиятына қосар үлестеріңіз қомақты, әр еңбек күндеріңіз сәтті, шығармашылық жетістіктерге толы болсын! Мәдениет пен өнеріміз өркендей берсін!

Г.Б. САҒАНДЫҚОВА,
Тайынша ауданы мәдениет, спорт және тілдерді дамыту бөлімінің басшысы.



ҰСТАЗ – ҰЛЫ ЕСІМ!



Алғашқы ұстаз... Бұл сөздер әрбір адамның бойында әсерлі сезімдер мен алаңсыз балалық шаққа сағыныш сезімін тудырады. Әрбір бала үшін мектеп өмірінің басталуы ең жарқын және ең қызықты оқиғалардың біріне айналады. Менің жиен немерем Бауыржан Анельдің Қарағаш орта мектебінің бірінші сыныбының табалдырығын аттағаны күні кеше ғана сияқты еді, енді, міне, бастауыш сыныппен қоштасатын күндері де келіп жетті. Бірінші сыныпқа қабылдап алған алғашқы мұғалімі Қажыбаева Тазагүл Сартайқызы оқушыларына тәлім үйретті, өмір әліппесімен таныстырды,

келешекке жетеледі. Әрбір оқушысының білім алуын қадағалап, ата-анамен жұмыс жасап, барлық жаңалықтармен бөлісіп тұрды. Енді міне, бастауыш сыныптың бал бұлақ күндері артта қалып, балаларымыз болашаққа асығатын болады. Тағы да білім алмақ үшін. Мен ата-ана ретінде немеремнің алғашқы мұғаліміне үлкен алғыс білдіремін. Еңбегіңіз жана берсін! Өз атымнан және сыныптағы барлық оқушылардың ата-аналарының атынан Сізге алғысымыз шексіз!

Алма ИСКЕНДИРОВА, Амандық ауылы.

«ҚҰСБЕГІЛІКТЕН» ӨТКЕН XIV ЧЕМПИОНАТ



Жетісу облысында жастар арасында «Құсбегілік» ұлттық спорт түрінен Қазақстан Республикасының XIV чемпионаты өз мәресіне жетті. Ең үздік көрсеткіштерге ие болған жеңімпаздар арнайы жүлделермен марапатталды. Жарысты Республикалық құсбегілік федерациясы мен Жетісу облысы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт басқармасы бірлесіп ұйымдастырды.

Жастар арасында «Құсбегілік» ұлттық спорт түрінен Қазақстан Республикасының XIV чемпионатында бүркітшілер сайысы бойынша Атырау облысынан келген Иманғали Абдулқарімұлы жеңімпаз атанды. Екінші орында алматылық Әсет Әділов, ал үшінші орында Серікболсын Жалғасұлы (Жамбыл облысы) мен Диас Күнтуған (Астана қаласы) тұрақтады.

Қаршығаны қолға шақырудан Алматы облысының өкілі Сейітжан Бексұлтан бас жүлдені иеленді. Жұлделі екінші орынға Түркістан облысынан келген Паң Төлемырза ие болса, үшінші орынды елордалық Ерасыл Серікбекұлы мен түркістандық Мұхаммед Намазбай өзара бөлісті. Ал ителгі салудан Түркістан облысынан келген Мүсәлім Салманға тең келер құсбегі болған жоқ. Жұлделі екінші орында Жамбыл облысының намысын қорғаған Берікболсын Бабажан, ал үшінші орында Паң Төлемырза (Түркістан облысы) мен Ердана Самғат (ШҚО) тұрақтады.

Командалық есепте Түркістан облысының құсбегілері 1 алтын, 1 күміс, 2 қола медаль қанжығылап, көш бастады. Атырау және Алматы облысының өкілдері екінші және үшінші орынға жайғасты.

«Жарысқа еліміздің түкпір-түкпірінен жиналды. Құсбегілік өнері қазақ халқының ежелден келе жатқан көне дәстүрінің бірі екені рас. Көшпенділер өмірінен берік орын алған бұл өнер түрі бүгінгі таңда жастар арасында да танымал. Жарысқа баптаған бүркітімнің аты Алабас. Дайындыққа 5-6 айдай уақыт қажет болды. Жалпы жарыстың ұйымдастырылуы көңілімнен шықты. Қарсыластарым да мықты болды. Мұндай спорттық шаралардың ұлттық дәстүрін дәріптейтін, елін, жерін сүйетін азаматтар тәрбиелеуде маңызы зор деп есептеймін», - дейді бүркітшілер арасында чемпион атанған Иманғали Абдулқарімұлы.

Естеріңізге сала кетейік, шараға Алматы, Қарағанды, Жамбыл, Шығыс Қазақстан, Түркістан, Маңғыстау, Атырау, Абай, Жетісу облыстарының, сондай-ақ Астана және Алматы қалаларының спортшылары қатысты. Жарыста 70-ке жуық қатысушының ішінен тек үздіктері ғана жеңіс тұғырынан көрінді.

«Құсбегілік ұлттық спорты қазақ тарихында тамыры тереңге тараған еліміздің төл мәдени құндылығы болып саналады. Құсбегілік ҚР Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің бұйрығымен ұлттық спорт түрі ретінде танылған сәттен бастап 7 мемлекеттің қатысуымен 1 рет Әлем чемпионаты, 2 рет Азия чемпионаты (5 мемлекет), 40-қа жуық халықаралық турнир мен 15 рет Қазақстан Республикасының чемпионаттары ұйымдастырылды. Аталған спорт түрі Астана, Алматы қалаларында және еліміздің басқа да өңірлерінде тұрақты дамып келеді. Біздің мақсатымыз ата дәстүрімізді дәріптеп, сан ғасырдан бері әдет-ғұрпымызға сіңісті болған дара өнерімізді бұқаралық спортқа айналдыру. Әлемдік деңгейге көтеріп, отанымызға саяхаттап келуші туристердің қызығушылығын туғызатындай дәрежеге жеткізу. Сол бағытта жұмыс атқарып жатырмыз және жалғастыра береміз», - деп ой түйді Республикалық құсбегілік федерациясының вице-президенті Жанжигіт Омархан.

Чемпионатқа қатысты ақпарат «Құсбегілік» федерациясының Instagram және Facebook әлеуметтік желілеріндегі парақшаларында қолжетімді.



ВЕТЕРИНАРЛЫҚ ДӘРІХАНА

Ветеринарлық дәріхана – ветеринарлық азықтар мен дәрілердің алуан түрін ұсынатын бөлшек сауда ұйымы көпшілікке қызмет көрсетеді.

Дәріхана меңгерушісі А.Ф. Выговский мырза қазіргі кезде мал дәрігерін үйге шақырту үлкен сұранысқа ие болғандықтан қосымша мал дәрігері қызметін ұсынады. Мал дәрігерін үйге шақырту жануар денсаулығы нашар болғанда өте маңызды. Мал дәрігерін шақырту клиенттер үшін өте ыңғайлы.

**МАЛ ДӘРІГЕРІН ҮЙГЕ ШАҚЫРТУ
КЕЛЕСІ ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҰСЫНА
АЛАДЫ:**

1. терапевтік (жалпы қарауды және оның аурулары мен кемшілігін анықтауды қарастырады);
2. хирургия (ауыр дерт немесе жарақат кезінде қажет болуы мүмкін);
3. зертханалық зерттеулер (дертті диагностикалау үшін анализдер жинау);
4. егу (мал дәрігерін үйге шақырту қажетті егулерді жасауға мүмкіндік береді);
5. Мал дәрігерін үйге шақырту қызметі кеңес беруге және жануарға алғашқы көмек көрсетуге мүмкіндік береді.

ЖҰМЫС УАҚЫТЫ/РЕЖИМ РАБОТЫ

Айболит

Дс/Пн 10.00-17.00
Сс/Вт 10.00-17.00

ҮЗІЛІС/ПЕРЕРЫВ 13.00 - 14.00

Ср/Ср ДЕМАЛЫС / ВЫХОДНОЙ

Бс/Чт 10.00-17.00

Жм/Пт 10.00-17.00

Сн/Сб 10.00-14.00

Жк/Вс 10.00-14.00

ПРИ КРАЙНЕЙ НЕОБХОДИМОСТИ

ЗВОНИТЬ ПО ТЕЛЕФОНУ

8-708-20-22-696
8-705-264-93-64

Меншік иесі: «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Газет аудан әкімінің қолдауымен шығып, мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізу жөніндегі ресми басылымы болып табылады.

Индекс: 65710

Газет әр аптаның жұма күні шығады.

Директор -
Бас редактор
Гүл НҰРАЛИНА



Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде 2010 жылы 20 қазанда қайта тіркеліп, №10803-Г куәлігі берілген.

Газет «Тайынша таңы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің компьютерлік орталығында теріліп, беттеліп, «Старкова А.А.» ЖК-де офсеттік тәсілмен басылған 020000. Көкшетау қаласы, Әуелбеков көшесі, 98 үй.

Тапсырыс: 168. Таралымы: 1300.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша қаласы, Қазақстан Конституциясы, 206-үй. БАЙЛАНЫС ТЕЛЕФОНЫМЫЗ: 8 (715-36) 2-19-99

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. Қолжазба қайтарылмайды. Келген хаттарға жауап жолданбайды. Жарнаманың келіп түскен материалдардың мазмұны мен мәтініне хабарлама беруші автор өзі жауапты.